

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Кентау көпсалалы колледжі» МҚҚҚ-ның жиналыш
ХАТТАМАСЫ № 1

Кентау қаласы

11.03.2024ж.

Жиналышқа қатысқандар саны – 28 (жиырма сегіз). Колледж әкімшілігі қызметкерлері, жалпы және арнайы пән оқытушылары.

Жиналыш төрайымы: Кентау көпсалалы колледж директоры
Г.Шаймерденова

Хатшы: Әлеуметтік педагог Б.Ермекбаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-В ҚРЗ);
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-В ҚРЗ);
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235-В ҚРЗ);

Әлеуметтік педагог, комплаенс офицері Б.Ермекбаева Қазақстан Республикасының 2015 жылды 18 қарашадағы №410-В Заңының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтіндігі және Қазақстан Республикасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталғандығы туралы мәлімет беріп, тарау бойынша барлық баптарына тусіндірме жұмысын жүргізіп өтті.

- 1-тaraу. Жалпы ережелер.
- 1-бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру;
- 2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы;
- 3-бап. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы;
- 4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-В ҚРЗ) және қылмыстық кодекстің міндеттеріне тоқталды.

1. Осы Кодекстің міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мұдделерін, қоғамдық тәртіп пен кауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышы мен аумақтық тұластығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін

қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылыктар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ) бойынша әрбір бөліміне жеке-жеке тоқталып, тараулары мен баптары туралы мағлұматты слайд барысында түсіндіріп өтті.

1-Бөлім. Жалпы ережелер

2-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық жене әкімшілік жауаптылық. Жалпы бөлік.

3-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыруда уәкілеттік берілген органдар.

4-Бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

5-Бөлім. Әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындау.

Семинар соңында қатысуышылардың сұрақтары жеке-жеке тындалып, жауап берілді.

Жиналыс төрайымы Г.Шаймерденова қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен құрес нәтижелі болу үшін бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдау керек, ал мемлекеттік басқару құзырлы әрі тиімді болу қажет, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық деп, өз ойын айтып өтті.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



Г.А.Шаймерденова

Б.Ш.Ермекбаева